

Өнердің жаны-құштарлық, жауы-іштарлық

# АСТАНА

# ДАУЫСЫ

2-ҚАҢТАР,  
СЕНБІ,  
1993 ЖЫЛ.

№ 1 (23)

ОПТАЛЫҚ  
ТӘУЕЛСІЗ ГАЗЕТ

БАҒАСЫ  
КЕЛІСІМ  
БОЙЫНША

## 1993 Жаңа жыл құтты болсын! 1993

*Жылдағы жаңа берейін,  
Жыл Адамы*

Осыдан сәл ғана уақыт бұрын, яғни дүниежүзілік жаңа жыл қарсаңында Ұлыбританияның Кембридж ғылыми орталығында біздің жерлесіміз Сағадиев Кенжеғали Әбенұлына Халықаралық Жыл Адамы атағы берілді. Бұл Қазақстан тарихында, қазақ халқы тарихында бұрын болып көрсетілмеген мәртебе. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының мүшесі Қазақ экономика университетінің ректорымен болған сұхбатымызды оған берілген айтулы атақты мағнағасы не екенінен бастадық.

**Ғалым:** — Дауазымның ата 1992-1993 жылдың Халықаралық Жыл Адамы. Ағылшындарда Кембридж қаласында адамдардың әмірбаяны зерттейтін халықаралық орталық бар. Ол орталық жылына оншақты мың адамның ғылымға, білімге, қоғамның дамуына қосқан елеулі үлесі бар қайраткерлердің өмір жолы туралы деректерді әлемнің барлық елдерінен жинап, сараптап-салмақтап отырады екен. Бұл үшін беделді ағылшын ғалымдарынан арнаулы ғылыми кеңес құрылған. Солардың назарына менің де есімім ілініп, тіпті мынадай аса жоғары атағын беріп отыр.

Әрине, мұны біз өзіміздің жеке жетістігіміз деп қарауымыз керек. Бұл әрі-беріден кейін, әлемге Қазақстанның таныла бастағандығы. Өйткені бұған дейін де біздің дамуымызға ерен еңбек сіңіріп келген адамдар аз емес. Бұрын Қазақстан деген ел, мемлекет бар екенін әлем жұртшылығы көп біле бермейтін. Мұның өзі біздің бір тұйық шеңберде. Одақ деген, Ресей деген атаудың аясынан шықпай жүрген кезіміз ғой. Ал енді мынау тәуелсіздік алған бір жылдың ішінде қаншама қиырлардан көрініп қалдық. Бұл әлі алғашқы нышаны деп есептеймін.

**Тілші:** — Кенжеғали аға, мынау бүкіл қазақстандықтардың қуанышына айналып отырған ата-

ғыңыз қай тұрғыдан бағаланып, қалай беріліп отыр деп ойлайсыз?

**Ғалым:** — Бұл өзі ғылым менен білім, азаматтық борышты өтей білу жағынан берілетін сыйлық сияқты. Мен өзім 32 жыл бойы жоғары оқу орындағында ғылымға білім беруден келемін. Осы уақыттың бәрінде де ғылыммен шұғылдану ғоластарым емес. Ғылымның алдыңғы шепте тұрған аса күрделі мәселелерін зерттеймін.

Менің айналысып жүргенім негізінен экономика. Оның ішінде орысша айтқанда макроэкономика дейді. Жалпы экономика деген сөз Осы экономиканың жалпы бағыттары, күрделі, өзекті мәселелері, оның ішінде тиісінше келгенде, нарықтық экономика, оның тиімді-тиімсіз тәсілдері, олардың еңгізу жолдары деген сияқты...

Біз осы ғылыммен жақында ғана айналысып жүрміз деуге болмайды. Мәселен, мен бала кезімнен, студент, аспирант кезімнен осы салаға ден қойып келемін. Бүкіл Одақ көлемінде пікір алысатын үлкен-үлкен жиындарға, ғылым конференцияларға қатыстық. Жас кезімнің өзінде: «осының бәрін біз әрбір мекемеге, әрбір ұйымға жазып-сызып, одан соң бір қазықтың айналасына байлап береміз. Неге қарточкамен бергендей, жоспарға танып қоямыз? Өндірістік қарым-қатынасты басқа елдердегідей нарыққа байланыстырып, неге құрмаймыз?» — деген тұрғыда біз айтыстарға көз қатынастық. Москвада аспирантурада оқып жүргенімде біздің еліміздегіден ерекше даму жолдары көп айтылып, көп дәлелденетін.

Бұл пікірлер тіпті мемлекеттік деңгейге дейін көтеріліп, 65-жылы, 70-жылы бірер рет қаралып, қала берді. Одан баз қалпымызға қайта келдік. Тіпті кері қарай кете бердік.

(Соңы 6-бетте).

Кенжеғали Әбенұлы САҒАДИЕВ — Жыл Адамы